



АЙҒАҚ

MEDIA

f Айғақ Медиа

Instagram aigakmedia

YouTube Айғақ ТВ

Газет Қазақстан Журналистика Академиясының "Алтын Жұлдыз", Қазақстан Журналистер одағының Тұрар РЫСҚҰЛОВ және Сәттар ЕРҰБАЕВ атындағы сыйлықтарының, "Алтын жүрек" сыйлығының иегері

Жаңа жоба

ЭЙТЕКЕ БИ АУЫЛЫНАН - ЭЙТЕКЕ БИДІҢ ТУҒАН ЖЕРІНЕ



Қазақтың би-шешендері сөз өнерін барлық өнерден жоғары қойып, «Өнер алды - қызыл тіл», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Тілдің майын тамызып, сөздің балын ағызып, хас шешендер сөз табар», деп келер ұрпаққа шешендік өнердің мол асыл мұрасын қалдырды. Ушыққан дауды бір сөзбен шеше білген билерін қазақ қашан да қадірлеген. Ханның кеңесшісі етіп сайлаған. Жонғар шапқыншылығы кезінде бар қазақтың басын біріктірген Төле, Қазыбек, Әйтеке билер тарихтан өшпес орын алды. Әйтеке Байбөкұлы — қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Азан шақырып қойған аты — Айтық. Өмір-Темірдің бас кеңесшісі, Ораз қажының бесінші ұрпағы. Өбілқайыр ханға дейін Кіші жүздің сөзін ұстаған қазақтың биі. Есім хан тұсында Самарқанды билеген Жалаңтөс батырдың жақын туысы болған. «Мірдің оғындай» шешендік сөздері бүгінге дейін маңызын жоғалтқан емес. Елбасы «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Біздің даңқты батырларымыз бен ел билеушілеріміз — тек Қазақстан ғана емес, сондай-ақ, бүкіл әлем бойынша еліктеуге лайықты тұлғалар» деген болатын. Баба

рухын ардақтап, келер буынға үлгі етіп қалдыру — ұрпақтың мәңгілік парызы. Осы мақсатта «Әйтеке би ауылынан — Әйтеке бидің туған жеріне» атты жобаны жүзеге асырып, абыз бидің даналығын тағы бір паш еттеміз. Түсірілімді Түркістан облысының Сайрам ауданындағы Әйтеке би ауылынан бастадық.

Кешкілік жол жүріп, Сыр елінің Қармақшы ауданы, Жосалы елді мекенінде аялдаған біз таңмен таласа қайта жолға шықтық. Жүйтікпен көлік кейде пойыздармен жарыса қатар жүріп отырды. Сырдария өзенін бойлай, жіптей созылған қара жолмен Қызылорданың жазық даласының табиғатын, тіршілігі қызған ауылдарын сырттан бақылап келеміз. Боталарын боздатып, жантаққа жайылып жүрген түілерді көріп, аялдамай өте алмадық.

Өрбір жер-су атауында өзіндік сыр бар. Қазақ оны белгілі дүниелерге орайлас қояды. Астарына үңілсеңіз, көптеген деректі кезіктіре алатының ақиқат. Олар жұртты еріксіз өзіне қызықтыра түседі. Ұлан-байтақ даламызда мұндай қастерлі орындар көп. Қашаннан да қазақылық қалпын сақтап келе жатқан Сыр бойында осындай жер-су атаулары жетерлік. Олардың кейбірінің атауы жайлы бірнеше болжам жасауға болады. Өйткені, сол атаудың өзінен халқымыздың бай тілінің қоры мол екенін аңғару қиынға соға қоймас. Қазалының да атын естіген жан елдеңдеп қалады. Ерттеректе қаза деген балық аулау құралы болған екен.

Уақыт өте келе, бұл кәсіпті меңгерген жұрттың қарасы көбейе береді. Оларды қаза басушылар деп атайды. Сырттағы ел қаза басқан жерді «Қазалы» деп атап кетеді.

Келесі болжамда қазіргі Қазалы жерінде жұрттың алғысына бөленген бір кісі болған екен. Жергілікті жұрт оны сыйлап, бастарына қиын-қыстау шақ туғанда, оған жүтінгенге ұқсайды. Ол да ешкімнің бет-жүзіне қарамаған. Өрдайым әділдік іздеген әлеуметтің сөзін сөйлеген. Қарапайым халыққа тізе батырған төрелер оның алдынан сөзден жеңіліп шыққан дейді көнекөздер. Осындай қазыны ардақ еткен бұл аумақ қазының қарауындағы жер деген дейді. Ол бергін келе өзгеріске ұшыраған. Одан Қазалы деген атау шыққан деген болжам айтушылар да бар. Тағы бір болжам елдің аузында өлі күнге дейін сақталған ескі өңгімемен байланысты. Қазалы қонысының маңайында бұрынғы айдыны шалқынған көл болған деседі. Онда көптеген көл құстары мекен еткен. Көлдің беті ақсу мен қаздан көрінбеген екен. Осындай табиғат байлығына сүйсінген ел-жұрт аз болмаған. Қаздың көптігіне байланысты «Қаз елі» деген атау шыққан көрінеді. Бергін келе ол елдің аузында Қазалы аталып кеткен екен.

Ал келесі болжам мүлдем бөлек. Қазалы ауданынан жақын жерде Жанкент деген көне шаһар бар. Аталмыш қаланың тарихы жайлы айтылған өңсана аз емес. Солардың бірі — Бегім сұлу оқиғасына байланысты. Көрікті жарын қызғанған Санжар оның бір қолы мен бұрымын қырқып тастайды. Өзінің ақтығын дөледілеген Бегімнің қолы мен бұрымы бұрынғы қалпына қайта келген екен.

Жалғасы 3-ші бетте



АШЫСАЙДЫҢ БҮГІНГІ ТІРШІЛІГІ ҚАНДАЙ?

Кентау қаласынан шығысқа қарай 50 шақырымдай жерде орналасқан Ащысай ауылындағы тұрғындар саны 2000-нан асады. 1929 жылы мұнда полиметалл комбинаты, 1966 жылы металлургия зауыты іске қосылғаннан соң, ауыл өркендеп, кентке айналады. Ауыл қабатты үйлер бой көтерген. Ауыл ақсақалдарының айтуынша, осы Ащысайда салынған Мәдениет үйі кезінде Кеңес Одағы бойынша архитектурасының ерекшелігі мен өсемдігімен 3 орынды гимнарт болған екен. Әлі де, ауылдың ортасында орналасқан бұл нысан көз тартарлық. Сырттан бақыласаң, кезінде қыз-қыз қайнаған тіршіліктің болғанына сенбейсің. Өндіріс тоқтаған соң, бүгін тұрғындардың біразы вахталық жұмыста. Көпшілігі сауда жасап, мал өсіріп, ауыл шаруашылығын дамытып келеді. Табиғаты тұнған мекен туристік аймаққа сұранып-ақ тұр. 10 желтоқсанда аталған ауылға өкім болып тағайындалған Өздірхан Шамановтың алдағы жоспарлары көңіл құнтарлық. Ол: «Ауылда екі білім ошағы мен ауылдық дәрігерлік амбулатория, учаскелік полиция бөлімі, АТС, электр жарығымен қамтамасыз ету бөлімі КҰЭС, №24 өрт сөндіру бекеті, «Оңтүстікүстіметалл» ӨК АҚ, «Ащысай Су» КММ, «Казпошта» бөлімшесі және мешіт бар. Алда ауылға инвесторларды тартып, өңірде өндіріс пен туризмді дамытуды жоспарлап отырмыз. 2019 жыл Жастар жылы деп жарияланды. Осыған орай, бірқатар мәдени іс-шараларды өткізетін боламыз. Ауыл халқын алдағы жоспарлармен таныстыру мақсатында 15 қаңтар

күні есеп беремін» деді. «Жас келсе, іске» деп бекер айтпаса керек.

Түркістан облысында ауа райын өлшейтін 14 метеорологиялық станса бар болса, соның бірі біз келген Ащысайда орналасқан. Ауылдың тіршілігімен танысқан соң, теңіз деңгейінен 821 метр биіктікте орналақан «Ащысай» метеостансасына келдік. Таулы аймақтың қарлы болатынын бірден байқалдық. Жер 7 сантиметрдей қар жамалып жатыр. Техник-метеоролог Айгүл Қожамқұлова ауа-райының жай-күйін бақылап, орталыққа хабарлады. Ауаның жер бетінің температурасын, ылғалданығын, желдің бағыты мен жылдамдығын, мұздың қатуын, қардың қалыңдығын, бұлттың және тұманның түсуін әр 3 сағат сайын өлшейді екен. Әр қайсысының өлшенетін құрылғылары бар. 5 адам жұмыс жасайды. Кесте бойынша ешбір демалыс, мереке күндеріне қарамай, тәуліктің 24 сағатында сынағатты сығуын бақылап отырады. Қатты дауылды күндері әр 20-30 минут сайын бақылап, орталыққа хабарлап отырады. Себебі, шамадан тыс құбылыс болса, алдын алу шаралары дер кезінде ұйымдастырылуы қажет делі.

Метеостансаның меңгерушісі Оксана Владимировна «Биылдыққа қар аз жауды. Алда өлі біржарым ай қыс бар. Кейде қардың қалыңдығы 70 сантиметрге дейін барып, үйдің шарбақтары көрінбей қалатын кездер де болады», деп климаттық ерекшелігін атап өтті. Кенді таудың арасында орналасқан ауылдың тіршілігі, міне, осындай.

Айтолқын МОЛДАБЕКОВА.



5-бетте

РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ
ҚАЛАСЫ



6-бетте

ҰБТ-ға ҚАТЫСТЫ
5 МАҒЫЗДЫ
АҚПАРАТ



7-бетте

... САЛЫҚ
ЖҮКТЕМЕСІ
ҚАЛАЙ АЗАЯДЫ?

“Айғақ - ақпарат”

Тағайындау

Фани Рысбеков-

Кентау қаласының әкімі

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімімен және Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаевтың өкімімен Түркістан облысы, Кентау қаласының әкімі болып Рысбеков Фани Құрмашұлы тағайындалды.

Фани Құрмашұлы 1962 жылы 8 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысында Түркістан қаласында туған.

Еңбек жолын 1979 жылы Түркістан қаласында Чапаев атындағы колхозда жұмысшы болып бастаған. Содан кейін

Түлкібас жеміс-жидек зауытының жұмысшысы, Целиноград облысы, Балхаш ауданы, Веселовский совхозының аға агрономы, Түркістан ауданы әкімі аппараты ұйымдастыру бөлімінің инспекторы, меңгерушісі, Түркістан қаласы жастар ісі спорт және туризм басқармасының бастығы, Түркістан қаласы әкімдігінің шаруашылық басқармасы мемлекеттік мекемесінің бастығы, Түркістан қалалық мәслихатының хатшысы, Түркістан қаласы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарған.



Полат Қырықбаев -

Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы

Түркістан облысының әкімі Ж.Түймебаевтың өкімімен Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы болып Полат Наурызбайұлы Қырықбаев тағайындалды.

Полат Наурызбайұлы 1961 жылы 26 наурызда Оңтүстік Қазақстан облысында туған.

Еңбек жолын 1985 жылы Қазақ химико-технология институты дене шынықтыру кафедрасында оқытушы болып бастаған.

Полат Наурызбайұлы «Қайрат» және Арас ауданы балалар және жасөспірімдер спорт мектептерінің оқытушы-жаттықтырушысы, облыстық



Олимпиада резерві балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің дене шынықтыру кафедрасының оқытушысы, Оңтүстік Қазақстан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының бастығы, Оңтүстік Қазақстан облысы ке-

шенді жоғары спорт шеберлігі мектебінің директоры, Ордабасы ауданы, Бөген ауыл округінің әкімі, Оңтүстік Қазақстан облысы туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасының бастығы, Ұлттық штаттық командалар және спорт резерві мектебінің директоры, Б.Саттарханов атындағы облыстық дарынды балалардың спорт мектеп-

ШАХМАТШЫ ЖАНСАЯ ӘБДІМӘЛІК - ЭЛЕМДІК РЕЙТИНГІНІҢ КӨШБАСЫНДА

Қазақстандық Жансая Әбдімәлік шахматтың барлық түрі бойынша 20 жасқа дейінгі шахматшылар арасында әлемдік рейтингті бастап тұр, - деп хабарлады Қазақстан шахмат федерациясының баспасөз қызметінен.



«Жансая Әбдімәлік шахматтың барлық түрі бойынша 20 жасқа дейінгі шахматшылар арасында классика, рапид және блиц бойынша ЭЛО рейтингінде көш бастап тұр.

Шындығында да, бұған дейін бірде – бір қазақстандық спортшы шахматтың үш түрі бойынша бір мезетте әлемдік рейтингті бағындыра алмаған еді.

- Мен перзентіммен мақтанамын. Ол көп еңбектенеді, үнемі өз шеберлігін шындап жүреді. Осы тарихи көрсеткіш – оның жемісті және ұқыпты жұмысшының жемісі, - деді спортшының әкесі Данияр Әшіров.

18-жасар Ж.Әбдімәлік бала кезінен бастап шахматпен ай-

налыса бастады және 14 жасында Қазақстандағы ең жасгроссмейстер болды. Қазір оның қоржыны белді шұғылданып, республикалық және әлемдік турнирлерде ірі жетістікке жетіп келеді.

- Өркез мен жәнтөніммен тырысамын, өзімнің бар білгенімді қолданамын, ол үшін менің ата-анам және жаттықтырушыма алғысым шексіз. Иә, бұл көрсеткіш жаман емес, бірақ бұл арқаны кеңге салу дегенді білдірмейді. Мен еңбектенемін, өзім үшін ең жақсы нәтиже – өркез кешегіден де жақсы ойнау, - деді қазақстандық grosсмейстер.

2018 жылдың қарашасында өзінің алғашқы ересектер арасындағы Әлем чемпионатында Ж.Әбдімәлік қазақстандық шахмат тарихында алғаш рет ширек финалға шықты. Ал желтоқсанда өткен рапид және блиц бойынша өлем чемпионатында әйелдер арасында жылдам шахмат бойынша алтыншы орынды иеленді.

ҚазТАГ.

ЖОЛ ЖҮРУ БИЛЕТІН ҚАЙТАРҒАНЫҢЫЗ ҮШІН АЙЫППҰЛ ТӨЛЕМЕЙСІЗ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ 15 қаңтардан бастап, жол жүру билетін қайтарғаны үшін айыппұл салуды алып тастады, - деп хабарлады компанияның баспасөз қызметінен.

-Билет санаттарының бағаларын саралау үшін 15 қаңтардан бастап «Жолаушылар тасымалы» АҚ билетті қайтарғаны үшін жолаушыға 1 мың теңгелік айыппұл салу тәртібінің күшін жоюды. Бұл ретте айыппұл тек 3 500 теңгеге дейінгі билеттер бойынша жойылады. Аталмыш шара жолаушылар тарапынан түскен өтініштер негізінде қолға алынып отыр, - делінген дүйсенбідегі хабарда.

«Қазақстан Республикасының Инвестициялар



тасымалдау ережесінің» №255 тармағына сәйкес, құны 3 500 теңгелік билетті қайтару кезінде 1 000 теңгелік комиссиялық төлем алынып отыр.

«Аталмыш шара билеттерді заңсыз қайта сатумен күресу мақсатында қолға алынады. Осыдан барып билеттерді қайтару деңгейі 30 пайызға төмендеген еді», - делінген баспасөз парақшасында.

Астана.

ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫ САУСАҚ ІЗІМЕН МЕМҚЫЗМЕТ АЛА-АЛАДЫ

Мемлекеттік қызметтерді саусақ ізімен алу тегігі 2019 жылдың қыркүйегінде толықтай іске қосылды. Бұл туралы аптаның сейсенбісінде Үкіметтің селекторлық режимдегі отырысында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы басқарма төрағасы Абылайхан Оспанов айтты, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Мемлекеттік қызметтерді алу процесін жеңілдету үшін біз қызмет алушылардың жеке басын растаудың жаңа механиз-

мін іске қостық. Енді азаматтар қызметті бет-бейнесі немесе саусақ іздерінің көмегімен ала алады, соның арқасында электронды цифрлық қолтаңба қолдану немесе жеке куәлікті ұсыну қажеттілігі жоғалады», - деді ол. Оның айтуынша, бұл базаны қаржы, коммерциялық қызмет көрсету және қауіпсіздік салаларында, сондай-ақ ғимаратқа кіру жүйесінде пайдалануға болады. «Бұндағы артықшылықтар келесідей: Азаматтардың жеке деректерінің қорға-

луының күшеюі; өз бетінше алынатын қызметтер санының артуы; қызметтерді алу кезінде бөгде азаматтардың қатысуын болдырмау», - деді А.Оспанов. Басқарма төрағасының сөзіне қарағанда, ілкі жоба 2018 жылғы 12 желтоқсанынан бастап Астана және Алматы қалаларында іске қосылған. «Ал толықтай биыл қыркүйек айында іске қосылады деп жоспарлануда», - деді ол.

ҚазАқпарат.



Ғалымжан ЕЛШІБАЙ -

Қазақстан Журналистер одағының Түркістан облыстық филиалының төрағасы

Облыс орталығы - Түркістан қаласында аймақ журналистерінің қатысуымен ҚР Журналистер Одағының облыстық филиалы құрылып, филиал төрағасы болып бірауыздан «Егемен Қазақстан» газетінің өңірдегі меншікті тілшісі Ғалымжан Елшібай сайланды.

Ғалымжан Елшібай 1975 жылы Төлеби ауданы, Қасқасу ауылында дүниеге келді. Білімі жоғары. Ғалымжан Қамытбекұлы бұрынғы Киров, қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін журналистика мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын Төлеби аудандық газетінде корректорлықтан бастап, ұзақ жылдар бойы «Жас Алаш» газетінің Оңтүстік Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі, республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің Түркістан облысындағы меншікті тілшісі қызметтерін атқарды. Ғалымжан Елшібай меншікті тілшілер клубын құруға ұйытқы болып, бірауыздан клуб жетекшісі болып сайланды. Сонымен қатар, кәсіби журналистердің басын біріктірген «Медиакратия» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

Қаламы қарымды Ғалымжан Елшібайға алдағы атқарылар тірліктеріне сәттілік, еңбегіне табыс, мықты денсаулық тілейміз.

Бұл аптада кімдер туылған?

16.01.1965 ж.
Мұхтар Мұхамбетжан
Түркістан облысы әкімі аппаратының жанындағы «Қоғамдық келісім» КММ-нің басшысы, «Қызыл Жұлдыз» орденінің иегері

18.01.1959 ж.
Салыхан Полатов
Созақ ауданының әкімі

18.01.1967 ж.
Қайрат Молдасейітов
«Отан Строй» ЖШС-нің құрылтайшысы

19.01.1966 ж.
Мүсілім Алтынбаев
ҚР Қорғаныс істері жөніндегі Бас штаб төрағасының орынбасары, генерал-майор

19.01.1950 ж.
Намазалы Омашев
филология ғылымдарының докторы, профессор, академик

19.01.1967 ж.
Бадритдин Нышанқұлов
Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, «Ник Групп» компаниясының бас директоры

Құрметті туылған күн иелері! Сіздерді «Айғақ» газетінің ұжымы туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтайды!

(Соңғы. Басым 1-бетте) Қызының жазықсыз зөбір көргеніне көзі жеткен Қарабура әулие күйеу баласына ренішін білдіреді. Осы наланың салдарынан Санжархан билеген Жанкент қаласына жыландар шабуыл жасайды. Қайғылы оқиға салдарынан қаза болғандар көп болған екен. Сондықтан, бұл аймақ Қазалы аталып кеткен деседі, тағы бір дәлел айтушылар.

Қазалы – өңірдегі іргелі ауданның бірі. Ауданда 80 мыңнан астам халық тұрады. Мұндағы ағайындар егін өсіріп, төрт түлікті түлетіп отыр. Ауданның орталығы – Әйтеке би кенті. Біздің бүгінгі 805 шақырым жол жүріп, көздеп келген жеріміз осы мекен. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы тарихи-мәдени ескерткіштерімізді зерттеп, зерделеуге айрықша серпін бергені белгілі. Аталған жобаның негізінде «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы жүзеге асырылып, Әйтеке би кентіндегі Әйтеке би ескерткіші алдын ала есепке алынған тарихи-мәдени ескерткіш қатарына енген.

Айыр тілді бидің шешендік қасиетінің ашылуына әкесі мен Қосуақ бидің тікелей ықпалы болған. Жеті жасынан бастап Әйтеке Жалаңтөс батыр мен атасы Ақша ханның тәрбиесінде болады. Ол алғаш Ұлыақтөс медресесінде, кейін Жалаңтөс салдырған өйгілі «Тіліә-қари», «Шердор» медресесінде білім алады. Нәтижесінде дін, құқық, аспан әлемі, тарих, математика пәндерін, араб, парсы, шағатай, өзбек тілдерін меңгеріп шыққан. Әйтеке бидің шын есімі Айтық. Медресені тәмамдаған, Әйтеке туган ауылына оралып, әкесімен ел басқару істеріне араласа бастайды. 21 жасында Бұқара мен Самарқан төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарақалпақтардың бас биі болады. Ал, жиырма бес жасында



ӘЙТЕКЕ БИ АУЫЛЫНАН - ӘЙТЕКЕ БИДІҢ ТУҒАН ЖЕРІНЕ

оны бас би етіп сайлайды. 1680 жылы Салқам Жөңгірдің ұлы Төукені хан етіп сайлауға айрықша ат салысады. Кейін Төукені хан құқықты «Хан кеңесін» сайлап, Әйтеке Кіші жүз атынан осы кеңестің мүшесі болып сайланған. Осы тұста елге жаңа заң үлгілерін жасау керек болды. Төукені хан, Өнет баба, Соқыр Абыз, Майлы, Төле, Қазыбек, т.б. билердің қатысуымен 1684 жылы «Жеті жарғы» қабылданды. Онда Әйтеке ұсынған баптардың ішінде – «Сүйек құны», «Өнер құны» белгілі.

Ескерткіш тұтас граниттен жасалған. Көлемі 3 натуралық өлшем 5,2 метрді құрайды. Автор – Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі, мүсінші Қазбек Сатыбалдин. Ескерткіш қолданыстағы заңдылықтарға сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі жанындағы мемлекеттік комиссияның келісімімен орнатылыпты.

Әділдіктің алдаспаны болған Әйтеке бидің ескерткішінің дәл осы өңірге қойылғанына жергілікті халық риза. Сөзімізге дәлел табу үшін, ауыл ақсақалдарымен Ғани Мұратбаев тарихи - мемориалдық музейінде кездестік. Бір топ аға буын өкілдерінің «Айғақ» телеарнасын көріп отырғанының үстінен түсіп, арнамыздың кеңге құшақ жайып келе жатқанына марқайып қалдық. «Кентке ерекше сипат берумен қатар, халыққа рухани күш сыйлап тұр» деп ауыл ақсақалдары аталы сөздерін айтты.

Кіші жүздің бас биі ретінде Әйтеке баба алғашында Ордабасыда, сонан кейін Құлтөбе мен Ұлытауда жыл сайын өткізілетін үш жүздің басшылары мен беделді адамдары бас қосқан жиындарға тұрақты қатысып тұрады. Төукен ханнан бастап дәстүр тапқан бұл жиындарда ұлт бірлігін нығайту мәселелері талқыланып, жүздер

мен рулардың арасындағы өзара келіспеушіліктен туындайтын даулар шешілетін болған. Қызу айтыс-тартыстар ушығып кетер тұста, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні іспетті жұрт тоқтасар бәтуаны Әйтеке би айтады екен. Ел аузында Әйтеке айтқан билік, шешендік сөздер, толғаулар, баталар көп сақталған.

Биді халық «айыр тілді Әйтеке» деп атаған. Тарихи деректер бойынша Әйтеке Байбекұлы 1700 жылы қайтыс болыпты. Ташкенттен 75 шақырым жердегі Қауыншы және Шыназ аудандарының маңында жерленген. Кейін абыз шешен қайтыс болғаннан кейін, Нұрата тауы маңын мекендеген төртқара ауылдарының көпшілігі Сыр бойына көшіп кеткен. Одан тараған алтыншы-жетінші ұрпақтары мен аталастары Қызылорда, Ақтөбе облыстарында, бірқатарлары Өзбекстандағы Нұрата

ауданында тұрады. Біз іздеп келген бүгінгі ел осы – Әйтеке би кентінде.

Әйтеке би ауылынан бастау алған жобамыз мақсатына жетті. Бабаның елін көзбен көрдік. Сыр елі рухын ардақтап, төрінен ескерткіш орнатыпты. Өзгеге үлгі болар қазалықтардың бұл ісіне тәнті болдық. Үш жүзге қазақ елді жаудан қорғау мақсатында, елдің ішіндегі дауды шешу үшін гана бөлінген. 10 жасынан шешендік айтып, жаугершілік заманда ұтымды саясат құра білген, жөн сілтеуде қателеспеген Әйтеке Байбекұлы тек кіші жүздің гана емес, барша қазақтың бабасы, есіп айта білген көсемі, тауыш айта білген тапқыр данышпаны, дау тоқтатқан шешені, мемлекет қайраткері. Әйтеке – қазақ халқы үшін аттары алтын өріппен жазылып, тарихта мәңгі қалған үш биінің бірі!

**Айтолқын
МОЛДАБЕКОВА.**

ЖАРТЫ ҒАСЫРҒА ЖУЫҚ ҒҰМЫРЫ БАР МҮЗЕЙ

Ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, құнды жәдігерлеріміз арқылы тарихымыздан сыр шертетін мәдени мекеннің бірі - музей. Елбасымыздың бастамасымен жүзеге асқан «Мәдени мұра» бағдарламасының арқасында еліміздегі көптеген ұмыт қалып барып жатқан тарихымыз қайта жаңғырғаны рас. Музейлердің әлеуеті дәл осы кезде артып, құнды дүниелермен толықты. Бұл өз кезегінде жеті ұрпаққа жетіп артатын рухани азық болары хақ. Күні кеше «Айғақ» арнасы сол мәдениет ордасының бірінде болып қайтты.

Ол Орта Азия мен Қазақстан жастарының 20 ғасырдағы жалынды жетекшісі. Жастарға рух беріп, олардың қоғамдағы мәртебесін көтерген жан. Мине, сол қайталанбас тұлғаның, яғни Ғани Мұратбаевтың Қызылорда облысы, Қазалы ауданында орын тепкен музейіне бас

суқтық. Жастар жанашыры, қоғам қайраткері өз заманының нағыз патриоты болғандығына тағы да көз жеткіздік. Ганидың тағылымды ғұмырынан мол деректермен сусындап, өзімен тілдескендей өсер алдық.

Жас ұрпақты Ғани рухында тәрбиелеуге, оның жалынды өмірі мен қоғамдық қызметін насихаттауда музей ұжымы жүйелі жұмыстар атқарып келеді. 23 жыл ғана ғұмыр кешіп, мезгілінен ерте солған қазақтың боздағы «Жас Алаштың» тұңғыш редакторы болып қызмет жасаған. Пана іздеген жандарға қорған болып, өз заманындағы жастардың жанына сая бола білген. Өмірдің қиын сәттеріне сабы сынбаған Ғани Мұратбаев бала кезден білімге зерек болған. Музей төрінен орын алған мектеп партасы оның білімге құштарлығын дәлелдеп

тұрғанды.

Орта Азия мен Қазақстан жастарының 20 ғасырдағы жалынды жетекшісі, көрнекті қоғам қайраткерінің тарихи-мемориалдық музейі ең алғаш 1968 жылы іргесі қаланған. Жарты ғасырдай уақытты еңсерген музей өткен жылы 50 жылдығын атап өткен. Қазалының қайнар тарихымен қайсар ұлының тілінде сөйлеп тұрған музей қоры бүгінде 5631 жәдігермен толысқан.

Айта кетейік, қазыналы Қазалының тұрғындары «Айғақ» телеарнасының тұрақты көрермендері екен. Бұл сүйікті көрермендер біздің арнамыз ID TV желісі арқылы көріп отырады. Ганидың рухына тағзым етіп келген музей қонақтары «Айғақ» телеарнасын тамашалап отырғандарына кәуе болып, бір марқайып қалдық.

Музейдің тарихи жәдігерлерімен тілдесіп, 20 ғасырға еніп шыққандай күй кештік. Ғани ғұмырынан биылғы жастар жылына ерекше серпін алып, рухани сезімге бөленіп қайтық.

Малика МАРАТҚЫЗЫ.

ТҮРКІСТАННЫҢ 40 ҰСТАЗЫ ТҮРКИЯҒА АТТАНДЫ

Түркістан облысы білім саласының мамандары ұдайы шет мемлекеттерде тәжірибеден өтіп, біліктіліктерін арттырып келеді. Биыл да жыл басталысымен Түркістан облысының он алты ауданы мен көне шаһардың 40 тәжірибелі педагогы арнайы бағдарлама аясында Түркия Республикасына іс-сапарға жіберіліп отыр.

Бұл жобаның мақсаты – бауырлас әрі қандас өзара тату екі ел – Тәуелсіз Қазақстан мен Түркия Республикасы арасындағы білім және ғылым саласындағы байланыстарын дамыту, ортақ құндылығымыз – Қожа Ахмет Яссауи мұраларының кеңінен насихатталуына үлес қосу. Сонымен қоса, Елбасының биылғы Жолдаудағы ұстаз мәртебесін көтеру туралы тапсырмасын орындап, ұзақ жылдар еңбек еткен мұғалімнің еңбегін бағалау, сондай-ақ білімін жетілдіріп қайтуына жағдай жасау.

Құзырлы мекеме мамандарының айтуынша, бұл жолдама кез келген мұғалімге берілмейді. Жолдама алу үшін арнайы талап ескерілген. Отандық мұғалімдер өзге мемлекеттерден келген ғриптестерімен жүзбе-жүз кездесіп, білім деңгейін арттырып, тәжірибе алмасады. Алдағы уақытта бұл жоба жалғасын табады деп жоспарлануда. Өткен жылы облыстан 150-ге жуық ардақты ұстаз шет елге аттанып болатын.


«Айғақ»-ақпарат.

Жеті күннің жаңалығы

МАҚСАТ-ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНА ИНВЕСТИЦИЯ ҚҰЮ ПРОЦЕСІН ОТАЙЛАНДЫРУ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігімен ел экономикасына инвестиция құю процесін оңтайландыру мақсатында, сондай-ақ инвесторларды қағазбастылықтан

Бұл жоба Агенттік пен Сыртқы істер, Инвестициялар және даму министрліктерімен өзара ынтықтастық меморандумы негізінде жұмыс істеуде. Оның басты мақсаты – бизнесті қорғау, бизнес-



және сыбайлас жемқорлық фактілерінен сақтау үшін «Protecting Business and Investments» жобасы іске асырылып жатыр.

климатты жақсарту және мемлекеттік бақылау-қадағалау қызметін оңтайландыру рәсімдерін барынша жеңілдету. Бұл

департамент басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі Кеңес хатшылығының меңгерушісі Фанижан Асанұлы Түркі-

стан облыстық Өңірлік коммунификациялар қызметінде өткен брифингте мәлімделді.

Жиында Департамент басшысының орынбасары БАҚ құралдары журналистерінің бірқатар сұрақтарына жауап берді.

Фанижан Асанұлы отандық және шетелдік кәсіпкерлерге өңірімізде қолайлы орта қалыптастыру үшін барлық жағдай жасалып, өкімшілік кедергілер болмау қажеттігіне тоқталды.



13 НЫСАН ЕЛ ИГІЛІГІНЕ БЕРІЛДІ

Киелі Түркістан облысы Сарыағаш ауданында бір күнде 13 нысан іске қосылып, халық игілігіне берілді. Нысандардың ашылу рәсіміне Сарыағаш ауданының өкімі Қайрат Аманкелдіұлы қатысып, аудан тұрғындарын жаңа нысандардың пайдалануға берілуімен шын жүректен құттықтады.

Қайрат Аманкелдіұлы Сарыағаш ауданындағы Жібек Жолы ауылдық округіне қарасты Жаңақұрылыс елді мекенінде орналасқан 125 орындық «Айша апа» балабақшасының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Қаптанбек оқу шаруашылығында «Ересімі – ел есінде» атты аллеяның

салтанатты ашылуы кезінде ҰОС жылдары ерлік көрсеткен жауынгерлердің рухына құран бағышталды. Өйткені, аталған аллея «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қайта қалпына келтіріліп отыр.

Сонымен бірге, осы аллеяның жанынан 900 орынға арналған №4 Юрий Гагарин атындағы мектептің ашылу салтанаты болды.

Пайдалануға берілген жаңа нысандар ішінде Сарыағаш ауданы, Жамбыл ауылдық округі Майдабозай, Бекбота, Ащыкөл, Қалғансыр, Көпқұдық, Байтабыл елді мекендерінде 10/0,4 кВ электр желілерінің құрылысы аяқталған нысандар бар.

КЕСЕНЕ АУМАҒЫНДАҒЫ ТАРИХИ ОРЫНДАР ТУРИСТІК БАҒЫТҚА ҚОСЫЛАДЫ



«Жегі ата», «Дарбаза», «Мүсәлла», «Төкия» қақпалары толығымен қалпына келтіріліп, туристік бағытқа қосылатын болды. Бұл-Мемлекет Басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы мен қаланы түркі дүниесінің рухани астанасы ретінде таныту және тарихи орындардың төл келбетін сақтап отырып, жандандыру мақсатында жүзеге асырылатын игілікті іс.

Үстіміздегі жылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңын абаттандыру жұмыстары қолға алынып, қала қорғандарының орындарында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілімек. Айта кетерлік жайт, қайта қалпына келтіру жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болады. Ортағасырлық магистральдық көшелерге де қазба жұмыстары жүргізіліп, сауда-саттық орындары туристерге қызмет көрсететін болады, деп мәлімделді.

“Өзірет Сұлтан” мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Нұрболат Қадырұлы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінде өткен баспасөз конференциясында:

–ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Түркістан қаласындағы 88,7 гектар аумақта орналасқан «Хан мешіті», «Хан ордасы» және Құлтөбе қалашығы мен

ҚАЛАДА ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ КӨЛЕМІ ЕКІ ЕСЕГЕ АРТҚАН

Шымқалада 2018 жылы жалпы алаңы 439,2 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Сөйтіп, қалада жалпы құрылыс жұмыстарының көлемі 2 есеге артқан. Бұл туралы қала өкімі Ф.Әбдірахымовтың төрағалығымен өткен жиында экономика және бюджеттік

жоспарлау басқармасының басшысы Р.Мулкманов мәлім етті.

Шымкент қаласының 2018 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы қорытындысы туралы баяндаған басқарма басшысы қаланың макроэкономикалық көрсеткіштерінде өсім бар еке-

нін жеткізді.

–Өнеркәсіп өнімінің көлемі 476 млрд. теңге болып, 2017 жылға өсімі 104,5 % құрап, жоспар орындалды. Қалаға бағытталған инвестиция көлемі 2017 жылдан 2,5 есеге артып, жоспар асыра орындалды, – деді Р.Мулкманов.

БІР ЖЫЛДА 6,5 МИЛЛИОН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛГЕН

Ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы басшысының м.а. А.Юсупова Шымкент қаласында өткен жылы тұрғындарға 6,5 миллион мемлекеттік қызмет, оның ішінде 4,9 миллионы электронды түрде көрсетілген, – деп мәлімдеді. А.Юсупованың айтуынша, Шымкент қаласының өкімдігімен 191 мемлекеттік қызмет ұсынылады. Оның 94-і электронды нысанда, ал 69-ы Мемлекеттік корпорация арқылы алу мүмкіндігі бар.


–Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру және оңтайландыру бойынша ведомстволарлық комиссия отырыстары өткізіледі. Сонымен бірге, халықтың цифрлық сауаттылық деңгейін арттыру жұмыстары жүргізілуде. Есептік жылы 4406 қала тұрғыны 4 бағыт бойынша оқытылды, – деді А.Юсупова.

КИЕЛІ МЕКЕНДЕ ӨЗБЕК ФИЛЬМДЕРІНІҢ КҮНДЕРІ ӨТТІ

Облыс орталығында өзбек киносының күндері іс-шарасы аясында бірнеше фильм көрермен назарына ұсынылды. Түркістан облысы өкімінің орынбасары Мәлік Отарбаев құттықтау сөз сөйлеп, осындай іс-шаралар арқылы бауырлас елдердің рухани-мәдени байланыстары нығая түсетінін жеткізді. Сонымен бірге, Өзбекстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы Бас консулдығының Бас консулы Абрар Фатхуллаев пен Қазақстан өзбектері «Дуслик» қауымдастығының төрағасы Икрам Хашимжанов та Түркістанның түрленіп келе жатқанына қуаныштағы екенін айтты.

Иә, өткен жыл Қазақстанда «Өзбекстан жылы» – деп аталып өткені белгілі. Осы бастамалар аясында бауырлас халықтардың жақындығын тереңдетуге септігін тигізетін түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Жақсы істің жалғасы ретінде Түркістанда ұйымдастырылған мәдени басқосуға көрермендер қызығушылығы жоғары болды. Әсіресе, қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың балалық шағы, қоршаған ортасы, шығармашылығы жөнінде мұрағат құжаттарын қолданып түсірілген «Слово Абая» деректі фильм көрермендердің көзайымына айналды.

Бетті дайындаған: Шаһаризада ДӘНЕЕВА.



«Облыс орталығының Түркістанға көшірілуі әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан ғана емес, рухани жағынан да аса маңызды».

(Н.Назарбаевтың Парламент депутаты алында сөйлеген сөзінен).

Түркістанның даңқы туралы көбінесе өткен шақта айтылып келгені ақиқат. Оның әр кездегі аумағы, қоғамдық саяси өмірдегі рөлі өзгеріп отырғаны да тарихтан белгілі. Ол жөніндегі мағлұматтар кезінде еуроцентристік көзқараспен түзілгендіктен, қазіргі отандық ғылым бұл мәселеге тәуелсіздік талабымен, жаңаша ойлау жүйесімен қайта қарауы тиіс. Өз заманындағы мегаполистің (тұтас аумақтың, басқару аймағының) әлем тарихындағы орны көптеген дереккөздерінде анық жазылса да, Түркістанды Орталық Азияның саяси-мәдени, әлеуметтік-рухани дамуы тұрғысынан қарастыруға жабық та, ашық та кедергілер кездескенін ұмытпалық. Мәселен, патшалық Ресей осы киелі мекенге қырын қарап, рухани құбылысты жай ғана кесене атауы тұрғысынан, оның өзінде Черняев зеңбірегінің шар оғы тескен «алынған бекініс» тұрғысынан саралады. Кеңестік идеологиялық жүйе қазақ хандығы байтағының рухы мен мәртебесін түрлі «тыйыммен» бүркемелесе де, берісі қазақ халқының, арысы түркі жұртының санасынан өшіре алмады. Өңір мүмкін де емес еді. Ескіргенін ескеріп – «ежелгі» деп, көнергенін көлегейлеп – «киелі» деп, тозғанын тазартып – «төбөрік» деп, жадына жақынын – «жәдігер» деп, әйтеуір бетегеден биік, жусаннан аласа қалыпта Өзірет Сұлтан кесенесіне де, басқа да байырғы ғимараттарға, керуен сарайлардан, мазараттардан табылған мұқамал мен мұраға ыждаһатпен, жанашырлықпен қарауға тырыстық. Сол ниет, сол бастама өз Тәуелсіздік тұсында елдік үмітімізге серпін берді.

Түркістан идеясы тұрғысынан өңірлік ынтымақтастықтың жандануы себебі – әлемдік сын-қатерлерге деген Орталық Азия мемлекеттерінің ортақ жауабы. Дүниежүзіндегі аума-төкпе, алмағайып ахуалдың алдын алу үшін ауық-ауық кеңесу, ортақ мәселенің шешімін табу-шарт. Өңірдің түбі де, тілегі де бір елдер басшылары бодандықтан арылуының ширек ғасырында елеулі тәжірибе жинақтады. Сыртқы сырғақ пейілді де,

адуын күшті де байыптай алды. Түркістан жұртының «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді» нақылының ақыл дөнін санасында жаңғыртты.

XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт мүддесі мен мұқтажы үшін, басын бөйгеге тіккен Тұрар Рысқұлов пен Мұстафа Шоқайдың екі шепте тұрса да, бір деммен айтқан «тұтас Түркістан», «бірліктегі Түркістан» идеясы әлемдік үйлесімділіктің моделі екені айқындалды. Өрине, әр ғасыр

Дархан МЫБАЙ, Мәжіліс депутаты

Рухани жаңғыру қаласы

мен кезеңнің өз шындығы, амалы бар. ХХІ ғасыр үшін бірлік – отаршылдыққа қарсы қамал соғу бірлігі емес, кез-келген күшті тағдыр мен тарихтың талай сынынан өткен халық пен этностардың дамуына қажетті серпініне айналдыру бірлігі.

Бүгін экономикалық байланыстар артқан дәуірде Орталық Азияның тың қуатын нарық заңдарына бұру, өңірлік туризмнің рөлін белсенді ету – басым бағыт деп білеміз. Бұл ретте дүниенің жартысына таныс Самарқан мен Бұхара, Хиуа мен Хорезм кесене-ғимараттарына шөк келтірмей-ақ, Ұлы Дала мен ірілі-ұсақты шаһарлардың түйісіндегі, бөлкім үйлесіміндегі қала мәдениетін насихаттау маңызды. Аралдың астындағы «қырық қала» аңызы, Сыр бойы шаһарлары, Отырар мен Сауран, Сығанақ пен Жанкент, Тараз бен Баласағұн, Қаратау мен Алатау, Ұлытау мен Шыңғыстау баурайындағы, Алтайдың саясындағы, Үстірттің аясындағы, Еділ мен Есілдің ең тоғайындағы қала-қалашықтар жұрты – ғасырларды жалғанған материалдық мәдениеттің жарқын беттері. Осы аяда Түркістан – ақын Мағжан айтатын «екі дүние есігі» болумен бірге Тұран мәдениетінің тұғыры, өзгеге иіле қоймаған Иранға бейбіт өмір сүрудің игілігін аңғартқан киелі мекен ретінде маңызды.

Түркістанның тұтас тарихы да, түрлі саясат салдарынан үзілген тарихы да ешқашан соғысқа да, ешқашан да негіз болмаған. Аргы Яссы жұрнағынан

бергі Яссауи Хикметіне дейін – Жаратқанның жарасымы, адамзаттың ағаруы, пейілдің пөктігі. Түркістан – дүниетаным баспалдағы. Түркістан – тазару таразысы. Ал, осы құбылыс сәулет құрылысына айналғанда және дауыл да, дау да алмаған кесененің мүбәрак кірпіші болып қаланғанда, дүние үйлесіміне шөк келтірмейсіз.

Сонымен, әлемге мәшһүр тарихи Түркістан, мұндағы қазақ хандары мен би-батырлары, игі жақсылар қабірстаны (пантеоны) – Орталық Азияның тағлымды туризм деңгейін де, ашылмаған руханият парақтарын да, шырақтарын да танытады деген ойдамыз. Ілгеріде, Кеңес заманында Қазақстаннан шетелге ілуде біреу ғана шықпаса, бүгінгідей жаппай жер, ел шолатындар болмайтын. Ал барып келген кісінің өңгімесі аңыз бен ақиқаттың ортасынан шыға алмай жататын. Сол шақта бір жігіт ағасы: «Барған жерімізде жұрт қайдан келгенімізді сұрады. Ауыл-аймағымызды қойшы, Қазақстан, Алматыны да естіген екен. Ал Түркістанды ауызға алғанымыз сол-ақ екен, көздері жайнап, бізді ерекше құрметтеп, құшағына алды», деп естелік айтқаны есімде. Сонда дейміз-ау, Қазақстанды, Өзбекстанды, Қырғызстанды, Түркіменстанды, жалпы Орталық Азияны танып-білмеген қарапайым үнділер

деген азаматтардың сауапты істері сақтады. Жүрегі елім, жерім деп соққан отаншыл азаматтардың сана-сезімі мен болашаққа сенімі жақсылыққа қорғаныш болды.

Бұрынғылар «Жай жатқан жер жау шақырады», «Бос жерге шайтан үйір» деген. Іздеушісі мен сұраушысы түрлі саяси жүйеден діңкелегенде, көлденең көк аттылардың көзі көне жәдігерлер мен қайталанбас құндылықтарға түсті. Олар өртүрлі сылтаумен өз жеріне, өз еліне тасыды. Халықтың көз алдында тұрған құндылықтар қолды болды, тарихи төбелер (ескі қалалар жұрты) ойрандалды, бақан құлады, бақ ауды. Ұлт кие тұтқан жерде бейберекет іс, одағай әрекет, жайбарақат көзқарас белең алды. Өкінішке қарай, Түркістанның жұнттай жұрнағын сақтап қалуға одақ қамыты мойнына күштеп кигізілген Қазақ КСР дәрменсіз еді.

1935 жылы Ленинград қаласындағы Эрмитаждың атаулы бір көрмесіне өкелтілген Тайқазанның тағдыр-талайы – соның дәлелі. Өлдекімдер айтып жүргендей, дүниежүзіне танымал экспонат елге өзінен-өзі оралған жоқ, көп қажырлы жұмыстың, ақылмен басқан қадамның арқасында жетті. Бұл ретте отандық музей ісінің негізін қалаған мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтың бастамашыл да батыл іс-әрекеті үлгі етуге тұрарлық. Мұның рәміздік мәні бар еді. Ол туралы түркістандық ақын, мұратанушы



Нұрмахан Назаров былай деп жазады: «Мәскеу. Кремль. Халық депутаттарының съезі. Қазақ КСР депутаттары Н.Назарбаев, О.Сұлейменов, М.Шаханов жолдастарға. Түркістан қаласының еңбекшілері тоқырау және қайта құру жылдарында КСРО Жоғарғы Кеңесіне Ленинград Эрмитажындағы қазанды өзінің нағыз иесі – Ахмет Яссауи музей-мавзолейіне қайтару туралы сан рет өтініш жасаған еді... Осындай жеделхат А.Лукияновқа жолданды. Сол күні-ақ Жоғарғы Кеңес хатшылығындағы Воропаев деген кісінің атынан «жеделхаттарды алдық» деген мазмұнда жауап келді. Осыдан дәл 28 күн өткенде КСРО Мәдениет министрі В.Захаровтың Тайқазанды Түркістанға қайтару туралы бұйрығы шықты. Сөйтіп, Қазақстанның ең қастерлі ескерткіші, Өзірет Сұлтан кесенесінің бас жәдігері 54 жылдан кейін өз еліне, өз ошағына оралды. Сонда Тайқазан көп кешікпей келетін Тәуелсіздігіміздің қарлығаш хабаршысындай болған екен-ау. Міне, сол кездерде көп жылдардан бері орындалмай қалатын еткен халқымыздың аманат арманын іске асыруға болашақ Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың аса зор жәрдемшаралаты тигенін айрықша атап айтуға тиіспін».

ЕЛІМІЗДЕ АҚЫЛЫ НЕГІЗДЕ ҰБТ БАСТАЛДЫ



Кеше елімізде ақылы негізде Ұлттық бірыңғай тестілеу басталды. Білім және ғылым министрлігінен хабарланғандай, осы жылдан бастап ҰБТ жылына төрт рет: қаңтардың 15-20, наурыздың 24-29, маусымның 20 мен шілденің 5-і, тамыздың 17-20 аралығында өткізілетін болады. Тестілеу ақылы негізде болады. Яғни, ниет білдіруші 2242 теңге төлеп, бағын сынай алады. Қаңтар, наурыз және тамыз айларында өткізілетін ҰБТ үміткерге жоғары оқу орындарының тек ақылы бөлімдеріне түсу құқығын беретінін атап өту керек. Осы үш тестілеудің нәтижесі бойынша басқа үлгідегі сертификат беріледі. Ол сертификаттар грантқа үміттенуге жарамсыз. Қаңтарда аймақта тест 8 нүктеде өткізіледі. Осы жылғы тестті ЖОО-на ақылы түрде оқуға түсу үшін мектеп тұлғалары, бірінші семестрдің соңына дейін ақылы түрде ЖОО күндізгі бөліміне тіркелгендер, шығармашылық емтихандар қажет болған факультеттердің басқа мамандыққа ауысқысы келетін студенттері жүзеге асыра алады. Тестіден өтуге қажетті құжаттар пакетінде: форма бойынша өтініш (ҰБТ өткізу пунктінде беріледі), 3x4 сантиметр көлеміндегі фотосурет, жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі, талапкер оқитын орта білім беру мекемесінен анықтаманың екі данасы және негізгі қатысуға төленген өтемақының түбіртегі болуы керек. Еске сала кетсек, ҚР Білім және ғылым вице-министрі Асхат Аймағамбетов 2019 жылы өткізілетін Ұлттық бірыңғай тестілеудің назар аударарлық бес пунктін атаған болатын. Сондай-ақ, ҰБТ-ға өтінімдерді қабылдау басталып жатқаны туралы хабарланды.

ҚР Білім және ғылым вице-министрі Асхат Аймағамбетов 2019 жылы өтетін Ұлттық бірыңғай тестілеудің бес маңызды пункттеріне тоқталды. Вице-министр бұл туралы мәліметтерді Facebook әлеуметтік желідегі парақшасында бөлісті.

Біріншісі және ең маңыздысы – ҰБТ форматы бойынша бұрынғыдай қалады және формат бойынша өзгерістер болмайды. Пәндердің саны бұрынғыдай 5 және тест тапсырмалары – 120, максималды балдар саны – бұрынғыдай, өзгермеген, 140. Талапкер әдеттегідей, 3 міндетті пәндерді тапсырады: - Қазақстан тарихы, - математикалық сауаттылық, - оқу сауаттылығы. Және өзі таңдаған мамандық бойынша 2 салалық пәндер. Екіншісі. 2019-шы жылдан бастап енді ҰБТ жылына 4 рет өткізілетін болады: қаңтар, наурыз, маусым және тамызда. Естеріңізге сала кетейік, осыған дейін 3 рет болатын: маусым, тамыз, қаңтарда. Қаңтардағы, наурыздағы және тамыздағы ҰБТ-ге

басқа үлгідегі сертификаттар беріледі. Олар грант алуға жараммайды. Егер талапкер мемлекеттік грант алғысы келсе, онда ол міндетті түрде маусымда ҰБТ тапсырып, тек соның қорытындысы бойынша ғана грант байқауына қатыса алады және де жоғары балл жинаған кезде ғана бюджет есебінен білім ала алады. Ақылы бөлімге түсу үшін, талапкерлерге 4 ҰБТ біріне қатысып, шекті балл жинаса жеткілікті. Мысалы, талапкер қаңтардағы ҰБТ қатысып, 120 балл жинайды – енді ол 1-ші ақпанда ЖОО қабылдау комиссиясына барып, бірден шартты түрде ақылы бөлімге тіркеле алады, ал егер соңыра грант алғысы келіп, маусымда ҰБТ қатысып 50 балл жинаса, онда ол қаң-

тардағы 120 балл жинаған сертификатты көрсетіп, грантқа үміттене алмайды. Грант үшін ҰБТ маусымдағы нәтижесі ғана жарамды, сондықтан ол ақылы түрде оқуға түсе алады.

Үшіншісі.

парақшалар беріледі, онда сіз құжаттар тапсыра алатын білім беру бағдарламаларының тізімі; ағымдағы жылы бөлінетін гранттар саны; өткен жылдардағы гранттық байқаулардың нәтижелері және өткен жылдың жартылай шекті балдары көрсетілген. Бұл құжатқа назара аудару керек.

ҰБТ – А ҚАТЫСТЫ 5 МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

Қаңтарда ҰБТ-ге 3 санаттағылар қатыса алады:

1. 11 немесе 12 бітіруші сыныптардың оқушылары;
2. қыркүйекте ЖОО-на шартты түрде оқуға түскендер;
3. шығармашылық мамандықтардан басқа мамандықтарға ауысып жатқан студенттер.

Наурызда ҰБТ тек 11 немесе 12 бітіруші сыныптардың оқушылары ғана тапсырады. Маусымда грантқа үміткер барлық санаттарды тапсыра алады. Тамызда - ақылы бөлімге түсетіндер және осыған дейін қажетті балл жинай алмағандардың барлығы. Төртіншісі. Шығармашылық мамандықтардан басқа мамандықтарға ауысқысы келетін студенттер үшін, екі салалық пән бойынша емтихан тапсырулары керек. Себебі, олар шығармашылық мамандықтарға оқуға түскенде салалық пәндер бойынша тестілер тапсырмаған, сондықтан бұл мамандықтардан ауысу кезінде осы айырмашылықты тапсырулары тиіс. Барлық тұлғаларға сертификаттармен бірге ақпараттық

Бесіншісі. Дайындық бағыттарының жаңа топтаушысы. Жаңа топтаушының енгізілуіне байланысты гранттар білім беру бағдарламалар топтарына бөлініп таратылады. Мысалы, «Ақпараттық технологиялар» секілді топ бар, оның құрамына Информатика, Ақпараттық жүйелер, Блог-чейн, Биг дата және т.б. ақпараттық бағдарламалар енетін топтар бар. Айталық, бұл топқа 1 000 грант бөлінді делік, бұл гранттарға байқау осы топты көрсеткен топтар шеңберіндегі үміткерлер арасында өтеді. Үміткерлерге осы топ бойынша грант үлестірілген соң, ол университетке қабылданады және осы бағдарламалар топтарының шеңберінде нақты бағдарламаны өзі таңдайды. Яғни, егер Ақпараттық технологиялар бойынша грант ұтып алса, кейін Биг дата немесе осы топ ішіндегі басқа да бағдарламаны таңдай алады. Қазақстанда 15 қаңтарда ҰБТ басталады

«Айгак»-ақпарат.

ЕҢСЕЛІ ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ ҮШІН Латын әліпбиі

Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халқына арналған кезекті Жолдауында мемлекеттік тілде латын қарпіне көшіру жөнінде мәселе қозғаған болатын. Осы жөніндегі жобаны іске асыру үшін құрылған жұмыс тобының мүшелерімен кездесті. Қазақстан Президенті мемлекеттік тілді реформалау рухани жаңғыру бағдарламасы аясындағы маңызды мәселелердің бірі екенін атап өтті. Бұл күндері қазақ тілінің жаңа әліпбиіне байланысты мәселе қоғамда қызу талқылауда. Оған көптеген адам қатысты. Латын қарпіне көшу туралы идея біз тәуелсіздік алған кезден туындаған болатын. Қазақ жазуының латын қарпіне көшуі әрдайым менің айрықша бақылауымда болды, - деді Нұрсұлтан Назарбаев. Осы ретте, Елбасы латын қарпіне көшу үдерісінің тарихи мәні бар екеніне тоқталып, бұл мәселені бірлесіп шешу қажеттігін айтты. Латын қарпіне көшіру жөніндегі мәселені қолдап Шымкент қаласы білім басқармасы политехникалық колледжінің директоры Ысқақов Әлихан және колледж ұжымы мен студенттер болатын. Осы тұрғыда былтыр политехникалық колледжінің белсенді жастары Елбасының мемлекеттік тілде латын қарпіне көшіру жөніндегі жобасының іске асуы үшін, өз үлестерін қосқаны. Бұған дәлел политехникалық колледжінің жастарының арқасында «Елден хабар» бағдарламасынан мемлекеттік тілде латын қарпіне көшіру жөніндегі жобаны талқылау барысында өз ойларын ортаға салған. Студенттер осы жоба негізінде оқытушылар мен шәкірттердің пікірін білу барысында сұхбат алу арқылы білген болатын. Ал билы осы бір істің жалғасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру негізінде «Латын әліпбиі - заман талабы» тақырыбында оқытушылар арасында түсіндірме жұмыстары ретінде жалғасын тапты.

А.БАЙМАХАН

ЕЛІМІЗДЕ КӨЛІКТІ ТІРКЕУГЕ ЕКІ САҒАТ ЖЕТКІЛІКТІ

Қазақстанда бұрын көлікті тіркеу 6 сағатқа созылса, қазір 2-ақ сағат уақыт жұмсалады. Бұл туралы бүгін Үкіметтің селекторлық режимдегі отырысында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев айтты, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Үкімет жанындағы ведомстваралық комиссияның барлық ұсыныстарын жүзеге асыру үшін 486 жол қартасы бекітілді. Ал 2018 жылдың қорытындысы бойынша 76 қызмет ортайланды. Біріншіден, жүргізуші куәлігін алу мен көлік құралын тіркеу электронды арыз арқылы қабылданады. Қазіргі уақытқа дейін бұл қызмет түрі 23 мың рет пайдаланылған. Бұдан бұрын бір көлікті тіркеу 6 сағатқа созылса, қазір 2-ақ сағат уақыт жұмсалады», - деді Д.Абаев. Оның айтуынша, көлікті тіркеуді электронды форматқа ауыстырудың артықшылықтарын азаматтар сезініп үлгерді. Өйткені автомашинаны сату немесе сатып алу барысында 20 минут жеткілікті. Қағаз жүзіндегі құжаттар қажет емес. Бұдан бұрын ел тұрғындары көлік құралын тіркеу туралы акті, жеке куәлік, салық төлегені туралы құжат пен көліктің мемлекеттік тіркеуден өткен нөмірін көрсетулері тиіс еді. «Қазіпонта» арқылы дайын құжат пен көлік нөмірін жеткізіп беру мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, азаматтар өздеріне ұнаған кез-келген мемлекеттік көлік нөмірін иемденуге мүмкіндік алды. Екіншіден, өкімшілік айыппұлдардың бар-жоғын дереу тексеріп алуға болады», - деді ол. Үшіншіден, министрлің сөзіне қарағанда, проактивті тәртіп бойынша көрсетілген мемлекеттік қызметтерді жалғастыру жоспарланған отыр. Олар мүгедектік туралы, мүгедектікті анықтау, жәрдемақы тағайындау, ақшалай төлемдер, әлеуметтік төлемдер, протез-ортопедиялық көмек және тағы басқаларына байланысты қызметтерден тұрады. «Осылайша аталған әлеуметтік көмектерді мүмкіндігі шектелуі жандар Халыққа қызмет көрсету орталықтарына келмей-ақ, кешенді түрде қабылдауға мүмкіндік алады», - деді министр.

ҚазАқпарат.

(Лицензия №0013136DX ОҚО Денсаулық сақтау басқармасы, ОҚО әкімдігі 20.02.2015 жыл)

«Grand Clinica» емдеу орталығы

-Бас аурулары
-Жүрек, бүйрек,
бауыр аурулары
-Омыртқа
-Гинекологиялық
және ерлер аурулары
-Буын аурулары
-Ревматизм
-Гайморит
-Қан тамыр аурулары
-Инсульттің салдары
-Геморрой және т.б.
ауруларды емдейді.

«ҚЫТАЙ МЕДИЦИНАСЫ»
Қытайдан ұсыныс етілген
қытай медицинасының
білікті маманы диагноз
қойып, емдейді.

«Гранд Клиник» медициналық орталығында заманауи халықаралық толық компьютерленген НСРТ технологиясы қолданылады. Геморройдың барлық түрлерін, анальды тамырлардың, гипертрафияларын, ісіктерді, полип-



терді бір тексеруден-ақ емдеуге болады. Сондай-ақ, аппарат дәрілерді тоқ ішекке енгізу функциясын атқарады және көптеген ауруларды емдеуге әсері жоғары. Емдеу барысы ауырсынуларсыз және емханаға жату қажеттілі-

(ДЕМАЛЫССЫЗ)

Мекенжайы: Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 35. Тел.: 8705-359-88-88, 8 707-611-91-08

ТОО «АКТИВ ЛОМБАРД» сообщает о проведении торгов по реализации не выкупленных заложенных имущества

На торги выставяются

Лот №1
«Mitsubishi Eclipse»
2000 г.в. цвет
серо-голубой,
кузов
4АЗАСБ4411Е110356,
регистрационный
номер 0531DZ13,
стартовая цена

Метод проведения торгов - английский Прием заявок на участие начнется со дня публикации объявления и заканчивается за (один) час до проведения торгов.

Торги состоятся 30.01.2019 года. в 10 часов по адресу: г. Шымкент, ул. Г.Иляева 5/4. Тел.: 8771-050-11-07

Жарамсыз деп танылсын

*** Юлдашова Санохат Қахрамоновна атына берілген жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
*** Жеке кәсіпкер Наурызбаев О.Д. атына берілген 2007 жылы шыққан зауыт №АА00789037, Меркурий 115 Ф маркалы каскалық аппаратының тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
*** Жеке кәсіпкер Отарбаев Т.Б. атына берілген 2015 жылы шыққан зауыт №000001322042, Меркурий 115 Ф маркалы каскалық аппаратының тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
*** Жеке кәсіпкер Ернизова Л.Е. атына берілген 2016 жылы шыққан зауыт №88000000585, ПОРТ DRG-150 Ф маркалы каскалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
*** Жеке кәсіпкер Сардаров Х.Н. атына берілген 2011 жылы шыққан зауыт №00500918, Меркурий 130 Ф маркалы каскалық аппаратының тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
*** «Ақ Ниет Нұр-2030» ЖШС атына берілген 2007 жылы шыққан зауыт №00403179, Меркурий 130 Ф маркалы каскалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Мамырбек Бақытжамал Ғабитқызы атына Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінен берілген студенттік билеттің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
*** Жеке кәсіпкер Ризаев С.Б. атына берілген 2011 жылы шыққан зауыт №АА00899218, Меркурий 115 Ф маркалы каскалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
*** Жеке кәсіпкер Хаджиназаров А.Ә. атына берілген 2012 жылы шыққан зауыт №00506677, Меркурий 130 Ф маркалы каскалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
*** Жеке кәсіпкер Хаджиназаров А.Ә. атына берілген 2004 жылы шыққан зауыт №АА00487291, Меркурий 115 Ф маркалы каскалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
*** Жеке кәсіпкер Оңғарбаева атына берілген 2004 жылы шыққан зауыт №5757, Элит-Мобил маркалы каскалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
*** Жеке кәсіпкер Оңғарбаева атына берілген 2009 жылы шыққан зауыт №АА00821736, Меркурий 115 Ф маркалы каскалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

деп танылсын.
*** Жеке кәсіпкер Оңғарбаева атына 2011 жылы шыққан зауыт №00504398, Меркурий 130 Ф маркалы каскалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
*** Жеке кәсіпкер Усикбаев атына берілген 2015 жылы шыққан зауыт №010000006329, Порт МР -55В Ф маркалы каскалық аппаратының нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
*** Толегенов Берик Кошкинбаевич атына Халықаралық Қазақ-Түрік университетінен 2009 жылы берілген диплом жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
*** Жеке кәсіпкер Асқаров Х.Т. атына берілген 2007 жылы шыққан зауыт №00140964, Меркурий 130 Ф маркалы каскалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
*** «Ерниз-1» ЖШС атына берілген каскалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
*** «Kausar EDU» ЖШС атына берілген 2008 жылы шыққан зауыт №01009369, Меркурий 115 Ф маркалы каскалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Асқа шақыру

Әшімхан Үшетайұлы Салыбеков Төлеби ауданы 1-Мамыр ауылында гүмір кешіп, екі ұл, 3 қыз тәрбиелен өсірген ардақты өке, ағайын-туыстың қадірлісі, асыл жар, кімас дос еді. Оншақты немереней сүйікті атасы болатын.



“Жазмыштан озмыш жоқ”- деген... Әшімхан Үшетайұлының 63-пайғамбар жасында өмірден озғанына да қырық күннің жүзі болып қалыпты. Адамға деген ықыласы, бауырмалдылығы басым асыл ердің өруағына бағышталатын қырықкүндік ас **2019 жылдың 20 қаңтарында күндізгі сағат 13-де Ленгір қаласындағы “Ұлытау” дәмханасында**, ал, қонақасы 2019 жылдың 19 қаңтарында өз шаңырағында өтеді.

Қимас отағасы Әшімхан Үшетайұлымен дәмдес, қызметтес болған дос-жаран, ағайын-туыс, құда-жегіжат, бауырларды құран ішінде болуға шақырамыз.

Асыл өке, өзіңді сағынамыз,
“Келе ме...” деп күтеміз тағы да біз.

Сізді ұмытпай, әр кезде еске аламыз,
Алда талай өтсе де қыс пенен күз.

Асқа шақырушылар: жұбайы және ұл-қыздары.

Открылось наследство

*** Умер Успанов Абдикасим Карабаевич. Дата смерти: 24.12.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаевой Р.К. по адресу: г. Шымкент, ул. Мадели кожа, 1 Г. 1 этаж. Тел.: 8 701-741-27-45
*** Умер Молдабаев Серикбай Исаевич. Дата смерти: 02.11.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаевой Р.К. по адресу: г. Шымкент, ул. Мадели кожа, 1 Г. 1 этаж. Тел.: 8 701-741-27-45
*** Умерла Абдухаликова Сабера. Дата смерти: 1.10.2016 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикеновой Ж.Н. г. Шымкент, ул. Мадели кожа, 1 Г, 1 этаж. Тел.: 8 705-682-20-75
*** Умер Абдумоминов Адхамбек Кенжебаевич. Дата смерти 01.12.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаевой Р.К. по адресу г. Шымкент, ул. Мадели кожа, 1 Г. 1 этаж. Тел. 8701-741-27-45
*** Умерла Акжанова Патима. Дата смерти: 12.08.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаевой Р.К. по адресу: г. Шымкент, ул. Мадели кожа, 1 Г, 1 этаж. Тел.: 8 701-741-27-45

Ремонт телевизоров и спутниковых антенн

Тел.: 56-17-58,8 702-243-45-54,
8 771-670-72-37



Требуется

Работа - мощник администратора

Оплата до 180000 тг.

до 130 000 тг.

Тел.: 8 707- 338-63-15

Тел.: 8 707-805-86-08

«Айгақ» республикалық газеті мен телеарна ұжымы белгілі қаламгер-журналист, марқұм Жұмамурад Тұяқбаевтың зайыбы **Мәдет САЙҒАНАНЫҢ** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, ағайын-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.